

## Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдарының жылдық қаржылық есебін жариялау туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 29 шілдедегі N 268 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 23 тамызда тіркелді. Тіркеу N 2456. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 31 тамыздағы № 282 Қаулысымен.

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.31 № 282 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 76-бабының 4-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Акционерлік қоғамдар (жылдық қаржылық есебін жариялау мерзімдері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген акционерлік қоғамдарды қоспағанда) жыл сайын қаржылық есебін акционерлердің жылдық жалпы жиналысы бекіткеннен кейін отыз күнтізбелік күн ішінде оны баспасөз басылымында жариялауға міндетті.

2. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және халықтық акционерлік қоғамдарға жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

*Төрағасы*